

Өзгеге өнеге

Солнечный кентінің бастауыш партия ұйымы құрамында бес партиялық топ бар. Жалпы, бастауыш ұйымға 223 адам мүше.

2014 жылдың басынан бері партиялық құжаттарды ауыстыру науқаны ұйымдастырылды. Есептік кезеңде бастауыш ұйымда Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауын талқылау мен түсіндіру мақсатында партиялық жиындар өтті. Сонымен бірге, ашық партия жиындарында Еуразиялық экономикалық ынтымақтастық жобасы, 2015-2025 жылдарға арналған жемқорлыққа қарсы әрекет ету бағдарламасы кеңінен талқыланды.

«Мықты бизнес – мықты мемлекет» атты жобаға сәйкес «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы тиімді іске асырылуда. Оның мақсаты – тұрғындарды тұрақты өрі өнімді жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп отырып, халықтың табысын арттыру. Жұмыспен қамту мәселелері біліктілікті арттыру, кәсіби даярлық және шәкірт-ақы төлемдері жүретін қайта даярлық курстарын ұйымдастыру арқылы шешілуде.

«Бақытты балалық» жобасы аясында Халықаралық балаларды қорғау күні Абай алаңында «Біз сенің перзент-

теріңбіз, Қазақстан!» атты мерекелік ойын-сауық бағдарламасы, спорттық шаралар, конкурстар, жарыстар өткізілді.

«Аға буынға қамқорлық» жобасын жүзеге асыру барысында «Қамқорлық» акциясы ұйымдастырылып, кәсіпорындар мен мекемелерде ардагерлерге құрмет көрсетілді, оларға материалдық және қаржылай көмек берілді. Солнечный кентінде Ардагерлер үйі ашылды. Ұлы Жеңістің мерейтойына орай тыл еңбеккерлері марапатталып, соғыс жылдары ерен ерліктің үлгісін көрсеткен бабаларымыздың есімдерін ұлықтау мақсатында мемориалдық тақта орнатылды.

«Кедергісіз болашақ» жобасы аясында Мүгедектер күніне орай кентте қамқөңіл жандарға арнап «Қуаныш» аула клубының балалары мен №17 балабақша бөбектері концерт берді. Ал Балаларды қорғау күнінде «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ мүгедек балаларға сыйлықтар табыстады. Сондай-ақ арбалы мүгедектер үшін пандустар орнатылды.

«Жастар – Отанға!» атты жобаны жүзеге асыру бары-



сында жасотандықтар кенттегі көпқабатты үйлердің подъездеріне мекенжайлары көрсетілген тақтайшалар ілді.

«Нұр Отан» партиясының ХҮ съезінде Елбасы Н.Назарбаев партияның елдегі басты патриоттық күш, «Қазақстан – 2050» Стратегиясында белгіленген жаңа қазақстандық патриотизмді құрушы жалпыұлттық орталық болуы қажеттігін баса айтты. Ұлт

көшбасшысының бұл идея-

лар өткізіліп тұрады. «Біздің ауыл» атты жоба аясында жыл сайын кентті көріктендіру шаралары – сенбіліктер, тазалық жұмыстары ұйымдастырылады. Оқушылардың еңбек отрядтары да кентті көріктендіруге атсалысады.

«Бақытты отбасы» жобасына сәйкес Халықаралық отбасы күні қарсаңында отбасы бірлігін нығайту, ата-бабалардан келе жатқан асыл-мұра – салт-дәстүрлерді



сы «Жастар – Отанға!» атты жобада айқын көрініс тапқан. Солнечный кентінде еске-лең ұрпақты патриоттық тәрбие мен сусындатып, азаматтық ұстанымдарын айқындауға бағытталған түрлі кездесулер мен акция-

лар өткізіледі.

Партия мүшелері кенттің әлеуметтік-экономикалық дамуына атсалысады. Олар – кемелді істерге қатысуға ниетті белсенді азаматтарымыз үшін үлгі-өнеге. Содан да болар, кентте партия мүшелерінің қатары артуда. Біздің мақсатымыз – еліміздің дамуын қамтамасыз ететін сара жолды тауып, өркениетке бастаған, бәсекелестікке төтеп бере алатын және әлеуметтік бағытқа ие мемлекет құру. Онда келешегіне кеміл сенетін, еңбекқор, заңды құрметтейтін кез келген азамат табысты еңбек етіп, өмір сүреді, өзіне де, қоғамға да пайдалы іспен айналысады. «Нұр Отан» - болашақтың партиясы, ХХІ ғасыр партиясы!

М.Алшымбаева,
Солнечный кенті
бастауыш партия
ұйымының төрайымы